


# ХИМИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ ЯНВАРЬ-ИЮЛЬ 2023



**570,1**  
МЛРД ТГ




**+4,1%**  
ИФО

- промышленные газы
- красители и пигменты
- прочая неорганика
- прочая осн. органика
- удобрения и азотосодер. вещества
- пластмассы в первичных формах

**\$866,5**

МЛН



**ЭКСПОРТ**

Импорт 91,2%

ОТП 8,8%

**\$2 718**


МЛН



**РЫНОК**



**\$2479,5**

МЛН



**ИМПОРТ**

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-июль 2023 г.



**ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛРД ТЕНГЕ**

## 2023 жылғы қаңтар-шілдедегі химия өнеркәсібі

Химия саласы өндірісінің көлемі 2023 ж. қаңтар-шілдеде өндіріс көлемі құндық көріністе 570,1 млрд теңгені құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңдегі көрсеткіштен 15,4% жоғары.

Заттай көріністе төмендегі тауарларда ең жоғары өсу болды: көміртек диоксиді (+12,2%), этил спирті (+23,1%), жуғыш заттар (+38,4%), тұз қышқылы (+14,0%), каустикалық сода (+1,8%); бастапқы формадағы полиуретан (+14,1%), гипохлорит (+4,5%), тұтынушылық сұраныс есебінен химия және онымен аралас салаларда (сусын өндірісі, ауыл және коммуналдық шаруашылық, құрылыс және т.б.).

Химия өнімі өндірісінде негізгі үлесті басқа да органикалық емес заттар (46,7%), тыңайтқыштар және азоттан тұратын заттар (19,2%), өзге де химия өнімдері (7,2%), бояғыштар және пигменттер (5,8%), өнеркәсіптік газ (4,3%), пестицидтер және агрохимия (4,1%), бастапқы формадағы пластмасса (3,9%) құрайды.

Физикалық көлем индексі талдау жүргізілген кезеңде 104,1% құрады.

Өнеркәсіптің аралас салаларында (ТМК, сусын өндірісі, құрылыс және т.б.) тұтынушылық сұраныстың артуы өсудің негізгі себебі болып табылады.

Химия өнімі экспорты құндық көріністе 2023 ж. қаңтар-маусымда 866,5 млн АҚШ долл. құрады, бұл, 2022 ж. көрсеткішпен салыстырғанда 14,2% артық. Негізгі экспорт елдері: Ресей (34,7%), Өзбекстан (11,2%), Қытай (9,6%).

Химия өнеркәсібі өнімінің импорты 2023 ж. қаңтар-маусымда 2 479,5 млн АҚШ долл. құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңнен 20,0% артық.

Негізгі импорттаушы елдер: Ресей (36,2%), Қытай (17,7%), Германия (6,6%).

Химия өнімі нарығының көлемі 2023 жылғы қаңтар-маусымда 2 717,9 млн АҚШ долл. құрады (1228,0 млрд теңге), 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 24,4% артық.

Отандық тауар өндірушілер үлесі өндірістің (+23,9%) және импорттың (+20,0%) өсуі есебінен 2,7 т.т. өсті.

ОТӨ үлесі 8,8% құрады. Импорт өнім үлесі 91,2% құрады.

Химия өнімі өндірісінің ең жоғары көлемі 2023 ж. қаңтар-шілдеде төмендегі өңірлерде байқалады: Жамбыл (31,2%), Шығыс Қазақстан (22,0%), Ақтөбе (7,8%), Қарағанды (7,2%), Ақмола (6,7%), Павлодар (5,7%) және Маңғыстау (4,6%) облыстарында.